

«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық
өміс акционерлік қоғамының Ақтөбе
облысы бойынша филиалының Ақтөбе
қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі
**ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР**
2021 ж. «18» 01
БСН 990340002030
№ 2890-1904-ИНО-МК
Басталғы тіркелген күні
1989 ж. «16» 03

БЕКІТІЛДІ

Ақтөбе облысы әкімдігінің

2020 жылғы «11»

желтоқсанындағы

№ 448 қаулысымен

«Азаматтарға арналған үкімет»
мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық
өміс акционерлік қоғамының Ақтөбе
облысы бойынша филиалының Ақтөбе
қалалық тіркеу және жер кадастры бөлімі
**ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ 2020 ж. «29» 06 ЖҮРГІЗІЛДІ**
БСН 990340002030
№ 2890-1904-ИНО-МК
Басталғы тіркелген күні
1989 ж. «16» 03

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»

мемлекеттік мекемесінің

«Қалалық көркемсурет лицейі»

мемлекеттік коммуналдық

казыналық кәсіпорынының

Ж А Р Ғ Ы С Ы

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі
мемлекеттік мекемесінің
«Қалалық көркемсурет лицейі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қалалық көркемсурет лицейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады (одан әрі - құрылтайшы).

3. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Ақтөбе облысының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

4. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган болып «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

5. Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қалалық көркемсурет лицейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: пошталық индексі 030000, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әбілқайыр хан даңғылы, 81 үй.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорында ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Кәсіпорынның меншік иесі субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және өзге де үкіметтік қаулылар мен актілерді, Кәсіпорынның осы Жарғысын басшылыққа алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының

заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорынның қызметінің мәні тәрбие процесін осы заманғы ғылым негізінде жүргізу болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты балалардың және жасөспірімдердің жеке тұлғасының дамуына, денсаулығын нығайтуда, кәсіби бағдарлауға, шығармашылық еңбегінің, шығармашылық қабілетінің жүзеге асырылуына қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) Қалалық көркемсурет лицейінде бастауыш және орта көркемдік білім беру жүзеге асырылады: оқытудың толық курсы бітіргендерге суретші –көркемдеуші мамандығы беріледі;

2) лицейдің жоғары (5,6 сыныптар) сатысында жоғары оқу орындарындағы бейнелеу өнерімен байланысты факультеттеріне оқуға түсуге дайындық жүргізіледі.

3) балалардың және жасөспірімдердің жеке тұлғасының дамуына, денсаулығын нығайтуда, кәсіби бағдарлауға, шығармашылық еңбегінің, шығармашылық қабілетінің жүзеге асырылуына қажетті жағдайлар жасайды;

4) балалар мен жеткіншектердің өмірде және қоғамда беймділігін қалыптастырады;

5) оқушылардың бос уақытын дұрыс пайдалануын ұйымдастырады;

6) өскелең ұрпақтың салауатты өмір салтын, жалпы мәдениетін, азаматтық міндетін сезінуін қалыптастырады;

7) Қазақстан халықтарының мәдениетін, әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін зерттеуге (үйренуге) жағдайлар жасайды.

8) Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Заңдарымен сәйкес тіл саясатын іске асырады..

9) Кәсіпорын оқыту қызметін ата-аналармен немесе оларды алмастыру адамдармен келісім-шарттарға сәйкес жүргізеді. Мемлекеттік басшылық ету органымен бекітілген білім беру бағасы мемлекеттік тапсырысты орындауда, әр оқушыға шаққандағы білім беру шығынының бағасымен анықталады.

10) Кәсіпорынның өзін-өзі толық өтеушілік негізінде қосымша топтарын ашады.

15. Кәсіпорынның функциялары:

1) 5-17 жастағы балаларға бейнелеу сауатын ашуды және бейнелеу өнерінің негізін оқытуды жүзеге асыратын мектептен тыс қосымша білім беру кәсіпорны.

Кәсіпорын өзінің жұмысында мектептермен, отбасымен, қоғамдық ұйымдармен, мектептен тыс кәсіпорындармен, қосымша білім беру

ұйымдарымен және білім беру саласының басқа мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс жасайды.

2) Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясы және Қазақстан Республикасының Заңдарымен сәйкес тіл саясатын іске асырады. Қалалық көркемсурет лицейінде оқыту оқушы және оның ата-аналары немесе заңды тұлғалар таңдаған тілде жүргізіледі.

3) Кәсіпорында оқушыларды оқыту осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ақылы негізінде, сонымен қатар мемлекеттік тапсырыс бойынша бюджеттік қаржыландыру негізінде жүргізіледі.

4) Кәсіпорын оқыту қызметін ата-аналармен немесе оларды алмастыру адамдармен келісім-шарттарға сәйкес жүргізеді. Мемлекеттік басшылық ету органымен бекітілген білім беру бағасы мемлекеттік тапсырысты орындауда, әр оқушыға шаққандағы білім беру шығынының бағасымен анықталады.

5) Мемлекеттік білім беру қызметін көрсету іске асырылғаны үшін бағаның сомасы жыл сайын Ақтөбе қаласының білім бөлімімен келісіледі. Оқу жылы бойына мемлекеттің бюджетінен қаржыландыру азайтылғын жағдайда және бюджеттік қызметкерлерге жалақының көтерілгені, коммуналдық немесе басқа қызметтер үшін төлем ақы арттырылған жағдайда. Қалалық көркемсурет лицейі оқытуға төлем ақыны есептер сметасына сәйкес және ата-аналар комитетімен келісім бойынша арттыруға құқығын өзіне қалдырады. Бағалар Өкілетті органмен бекітіледі.

6) Қалалық көркемсурет лицейінде ақы толық айға мерекелік күндер мен каникулдар үшін қайта есептеусіз.

7) Кәсіпорынның өзін-өзі толық өтеушілік негізінде қосымша топтарын ашуға құқы бар.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

18. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Білім беру процесін ұйымдастыру

19. Кәсіпорын өзінің қызметінің бағдарламасын балалардың сұранысын, отбасының және басқа ұйымдардың қажеттілігін, аймақтың әлеуметтік экономикалық дамуының ерекшеліктері мен ұлттық-мәдениетті дәстүрлерін ескерумен өз бетімен өңдейді.

20 Кәсіпорынның тәрбиелеу бағдарламалары жалпы білім беру бағдарламаларының құрамдас бөлігі ретінде Отанына деген сүйіспеншілікті,

азаматтылықты, ұлтжандылықты, жоғары адамгершілікті қалыптастыруға, тәрбиеленушілер мен оқушыларға әрқилы қабілеттілік пен өз ісіне деген сүйіспеншілікті дамытуға бағытталған.

21. Қалалық көркемсурет лицейінде халықаралық құқық пен адамгершілікке сәйкес ұлтына, діни ұғымына, дініне қарай айыру, әлеуметтік қайшылықтар туғызу, милитаристік көзқарасты қалыптастыру насихаты орын алмайды.

22. Қалалық көркемсурет лицейінде саяси–қоғамдық және діни қозғалыстар мен ұйымдарға, саяси партиялардың ұйымдастыру құрылымдарының іс-әрекеті мен құрылуына рұқсат етілмейді. Киім үлгісі еркін. Діни қатыстылығымен байланысты киімді киюге тыйым салынады.

23. Қалалық көркемсурет лицейі көркемдік оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әдістемелік орталық болып табылады. Қалалық көркемсурет лицейінде оқыту жүйесінің, бағдарламаларының, түрлерінің, әдістерінің және педагогикалық қызметкерлердің шеберлігінің жетілдіруіне бағытталған әдістемелік жұмыс жүргізіледі.

24. Қалалық көркемсурет лицейінде білім беру процесін дамыту және жетілдіру мақсатында қызметкерлер құрамынан оқушылар мен тәрбиеленушілердің қоғамдық ортаға бейімделуін қамтамасыз ететін психологиялық және қоғамдық-педагогикалық қызмет, әдістемелік және шығармашылық бірлестіктер құрылуы мүмкін.

25. Қалалық көркемсурет лицейінде оқыту мәдени қызметінің бір түрі және эстетикалық тәрбиесі болып есептеледі. Қалалық көркемсурет лицейіне 1 сыныпқа жалпы білім беретін мектептің 6 сынып оқушылары, 11-12 жастағы балалар қабылданады, бітіру емтихандары ойдағыдай тапсырылған кезде лицейдің 2 сатысын бітіргені туралы куәлік алады, сондай-ақ 5 сыныпқа оқуға түсу емтиханын ойдағыдай тапсырған кезде лицейлік сыныптарда (5-6 сынып) оқиды, оқушы оқытуды ойдағыдай бітірген кезде көркемсурет лицейін бітіргені жөнінде, суретші – көркемдеуші мамандығын иемденді деп көрсетілген Куәлік алады. Негізгі сатысын, 4 сыныпты бітірген оқушылар, лицейдің 2 сатысын бітіргені жөнінде Куәлік алады.

26. Кәсіпорын оқу қызметін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілеген, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен белгіленген типтік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде, сонымен қатар Ақтөбе қаласының білім бөлімімен бекітілген Қалалық көркемсурет лицейінің оқу жоспарының және Қалалық көркемсурет лицейінің мұғалімдерімен өңделінген, бейімделген Ақтөбе қаласы білім бөлімінің сараптау комиссиясымен бекітілген авторлық бағдарламалар негізінде іске асырады.

27. Қалалық көркемсурет лицейі оқушыларының білімін бақылау жүйесіне сыныптан сыныпқа көшіру емтихандары, мектеп бітіру емтихандары, бақылау кесіктері (срездері), қарарлар, мерзімдік қарарлар, мектеп бітіру шығармашылық жұмыстарының ашық қорғауы сияқты түрлері енеді.

28. Кәсіпорын балалармен жұмысты оқу жылы бойына қыркүйек айынан бастап маусым айына дейін қамтамасыз етеді. Сабақтар лицейдің оқу қызметін реттейтін «Білім туралы» Заңымен, Типтік оқу жоспарымен, балаларға қосымша білім беру ұйымдарының қызмет түрлерінің Типтік ережелерімен сәйкес басталады және Типтік оқу жоспарымен сәйкес 34 оқу аптасы мен пленэрдегі 2 апта тәжірибесі саналған, жиынтығы барлығы 36 оқу аптасы. Оқу жоспары бойынша 15 маусымға дейін жылда пленэрде тәжірибе өткізіледі. Тамыздың 15-нен 30-на дейін жаңа оқу жылына «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес оқушыларды қабылдау жүргізіледі.

29. Қалалық көркемсурет лицейінде сабақтар Кәсіпорынның әкімшілігі мен педагогикалық қызметкерлердің ұсынуы бойынша балалар жасының ерекшеліктері мен белгіленген санитарлы-гигиеналық ережелерін, ата-аналардың тілектерін, балалар еңбегі мен демалысының қолайлы тәртібін ескерумен жасалған және бекітілген сабақтар кестесіне сай күн сайын екі кезекте өткізіледі.

30. Құрылтайшымен келісім шарт бойынша Кәсіпорын басқа оқу-тәрбие мекемелерінің бөлмелерінде, өндірістік мекемелерде, балалар мен жасөспірімдердің тұратын орны бойынша бөлімдер ұйымдастыра алады.

5. Білім беру процесінің қатысушылары

31. Білім беру процесінің қатысушылары балалар, педагог қызметкерлер, білім алушылардың ата-аналары (кәмелетке толмағандардың өзге де заңды өкілдері) болып табылады.

32. Қабылдау балалардың денсаулығының, дене пішінінің (бітімінің) қалыпты жағдайда еркін ниеті болуымен қатар, қайшылықтардың болмауының көзделуімен іске асырылады. Қабылдау «Балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына сәйкес, еркін ниеті болуымен, қабілеттерінің және денсаулығы бойынша қайшылықтардың жоқтығын ескерумен, екі жақтың құқықтары мен міндеттері белгіленген Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын «Қалалық көркемсурет лицейімен» қосымша оқыту қызметі көрсетілуі туралы Шартқа ата-аналармен қолдары қойылғаннан кейін іске асырылады.

33. Оқу үшін төлем мөлшері және тәртібі белгіленген тәртіппен анықталады. Оқыту үшін төлемақы бойынша анықтайтын құжаттары негізінде жеңілдіктерге жетім балалар, қамқорлыққа алынған балалар, мүмкіндігі шектеулі балалар, Қалалық көркемсурет лицейінің қызметкерлері балаларының құқығы бар. Сонымен қатар көп балалы отбасынан балалардың, лицейде бір отбасынан екі және одан көп балалар оқитындарға; жеңілдік құқығына балалар ата-аналардың өтініші бойынша сәйкес құжаттарының болуы кезінде, құжаттар берілген уақыттан бастап ие болады.

Демеушілік көмек болған жағдайда ақы бойынша жеңілдіктерге ата-аналары мүгедектер отбасынан балалардың сәйкес құжаттары болғанда және ата-аналарының өтініші бойынша құқығы бар.

Кәсіпорында бір отбасынан 2 және одан артық балалар оқыған жағдайда, онда бір балаға оқу ақысы жеңілдікпен төленеді. Бір отбасынан балалар бюджеттік (1-6 сыныптар) сыныптарда және өзін-өзі толық өтейтін сыныптарда оқыған жағдайда, жеңілдік әкімшілік тарапынан тағайындалады. Жеңілдіктер ата-аналардың өтініші бойынша қажетті құжаттардың ұсынылғанында беріледі. Жетім балалар, қамқорлыққа алынған балалар ақысыз оқуға заңды тұлғалардың өтініші бойынша сәйкес құжаттары болғанда құқылы.

34. Білім алушылардың, ата-аналардың (кәмелетке толмағандардың өзге заңды өкілдерінің), қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Кәсіпорын Жарғысымен және білім беру саласындағы заңнамалық актілермен айқындалады.

35. Кәсіпорын балаларды қабылдау кезінде балалар мен олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) Жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

36. Педагогтік қызметпен айналысуға арнаулы педагогикалық немесе тиісті бейіндері бойынша және сәйкес келетін педагог қызметкерлер лауазымдарына айқындалған біліктілік сипаттамасы талаптарына жауап беретін кәсіптік білімі бар тұлғалар жіберіледі.

37. Қызметкердің еңбек қатынастары еңбек шартымен реттеледі, оның шарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

6. Кәсіпорынды басқару

38. Құрылтайшы Кәсіпорынға қатысты келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

39. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынға қатысты келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

40. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

3) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

41. Басшы Кәсіпорын органы болып табылады.

42. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

43. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

44. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

45. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

46. Басшы:

1) кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлық ақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланы басқару жөніндегі уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

7. Кәсіпорынның мүлкі

47. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

48. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

49. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

50. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

51. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

52. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

53. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған

қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

54. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

55. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 56 тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорнынан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

57. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

58. Осы Жарғының 54-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана, беруге және есептен шығаруға құқылы.

59. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығынд бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

8. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

60. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

61. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

62. Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

63. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Кәсіпорын жауапкершілігі

64. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

65. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

66. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

67. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

68. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде айқындайды.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

69. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

70. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

71. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша құрылтайшы жарғысы бойынша енгізіледі.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«Қалалық көркемсурет лицейі»
мемлекеттік коммуналдық
кәсіпорынының директоры



Handwritten signature

А.И.Альтина

УТВЕРЖДЕНО
Постановлением акимата
Актюбинской области
от «11» декабря 2020 года
№ 448

У С Т А В
Государственного коммунального
казенного предприятия
«Городской художественный лицей»
государственного учреждения
«Отдел образования города Актобе»

Город Актобе – 2021 год

УСТАВ
Государственного коммунального казенного предприятия
«Городской художественный лицей» государственного
учреждения «Отдел образования города Актобе»

1. Общие Положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Городской художественный лицей» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления.

2. Учредителем Предприятия является акимат Актюбинской области (далее – учредитель).

3. Права субъекта права государственной коммунальной собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет государственное учреждение «Управление финансов Актюбинской области» (далее - уполномоченный орган по государственному имуществу).

4. Органом, осуществляющим управление Предприятием является государственное учреждение «Отдел образования города Актобе» (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

5. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Городской художественный лицей» государственного учреждения «Отдел образования города Актобе».

6. Местонахождение предприятия: 030000, Республика Казахстан, Актюбинская область, город Актобе, район Астана, проспект Абилкайыр хан, дом 81.

2. Юридический статус государственного предприятия

7. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие отвечает по своим обязательствам, находящимся в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Предприятия денег субсидарную ответственность по его обязательствам несет собственник Предприятия.

